

егемен

Азатстан

## Халық университеті

Ұлы суреткер М.О.Әуезов музей-үйінде 35 жылдай жұмыс жасаған қазақ әдебиеті мен өнері университеті – рух пен парасаттың ордасындай, ақыл мен ойдың шамшырағындай еді.



Мұнда рухани және заттық мәдениеттің мәңгілік ескерткіштері, қазақ фольклоры мен әдебиетінің түп-тамырлары, тіл тарихы, көне қолжазбалар, жер-су атаулары, музыка, архитектура, бейнелеу, суретшілік, жыраулық-жыршылық, күйшілік өнері хақында мейлінше мазмұнды, сапалы лекциялар оқылды. Осы дәрістердің барлығын ләззаттанып тыңдаған тыңдаушылардың саны 40 мыңнан асып жығылады екен.

XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы табаны жалпақ тарланбоз білімпаздардың лекция-дәрістерінің шынайылық деңгейі жоғары ойтұжырымдарының мән-мағынасы қандай десеңізші! Академик Р.Бердібай жазбаларына жүгінсек, мысалы, ғұлама Ә.Марғұлан «Қазақ халқының этногенезі» дейтін дәрісінде (24.11.1972) ғұндар, түрік, қаңлы, қарахандар, қарлұқтар, қыпшақтар, Орхон-Енисей жазулары, қала мәдениеті, тұлғатану тарихы жайында ұшан-теңіз мәліметтер айтқан-ды. Бұл кісінің әрбір лекциясының өзі бір-бір оқулыққа пара-пар.

Жазушы Ілияс Есенберлин «1943-1944 жылдардан бастап қазақ тарихы туралы материал жинай бастадық. Ермұханмен бірге... Трилогияның атын ойша «Ақ Орда» деп қойған едім». (08.12.1972).

Халық жазушысы Сәбит Мұқановтың 1973 жылдың 23 ақпанында оқыған лекциясында: «Тарихты тексеруді Санжар Аспандияров үйреткен еді. Сәкен көп шұғылданды. Онан кейін Мұхтар. Бір аяғым ескі ауылда менің. Мен Шәкәріммен, Мәшһүр Жүсіппен хат жазысқам» дегеніне қарағанда сол кездің өзінде-ақ Алаш қайраткерлері хақында ой-пікірлер сабақтаған-ды.

Университет бастауында тұрған оның ректоры Рахманқұл Бердібай «Тұран тағылымы» сабағында: «Түрік бірлігінің тарихы, қазіргі жағдайы және келешегі жөнінде сөйледім» дейді (13.06.1962).

1977 жылдың 25 наурызында Мұхтар Әуезов турасында С.Бегалин, Ә.Әбішев, Т.Әлімқұловтар естеліктер айтқанда, ұлы суреткердің ұлтжандылығына Әлжаппар Әбішев мынадай мысал келтірген: «Бір кезде ол Мәди туралы некролог жазғаны үшін жас ұлтшыл атанған. Батыс Сібір автономиясының жиналысында Мұхаң күшті сөйлепті. ...Соколовтың естелігінде оны «бұйрабас жас жігіт, деп атап, батылдығына таң қалыпты. Бұл жиналысқа Ленин де, Сталин де қатысқан екен...»

Түркітанушы Ғ.Айдаров «Білге қаған» жазуы жөніндегі дәрісінде: «Орхон жазуының түрік халықтарына ортақтық дәрежесі түрліше. Қазақ тіліне жақын лексика – 87%, 7-8% архаизмдер» - деген (27.12.1985).

Ұлттың рухы, жаны, сыры, тарихы, санасы, дүниетанымы – тілінде. Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігі жайында өткен дәрістегі (11.02.1988) тілші Ахмеди Ысқақовтың мәліметіне сүйенсек: «Қорымызда 1,5 млн карточкалар бар екен. Кейін 4,5 млн карточкаға жеткіздік. 67 мың сөз, 24 мың тіркес, 103 мың лексикалық единица қойылды». Сөздік жасау идеясының иесі Қ.Жұбанов екен. Ғалым Ә.Болғанбаевтың пікіріне ден қойсақ, «1947 жылғы қаулыдан кейін үш мың карточка (Сәкен, Ілияс, Бейімбет, арғы эпос, т.б.) өртеліпті».

Бұл іске (карточка жасау) Сәтбаевтың, Әуезовтің ақыл-кеңесі көп тиген. Күні бүгінге дейін қазақ тілінің сөздік қорының есеп-қисабы жоқ. Рухани жаңғыру – тіл мәдениетіне де қатысты.

Көне түркі жазуы мен армян жазуындағы қыпшақ ескерткіштері тарихилық, танымдық мәні терең дәрістердің қатарында. Айталық, лектор М.Дүйсеновтың көрсетуінше, Шумер жазуы б.з.б. 3-4-ші мыңжылдықтарда пайда болған, көне жазу ру таңбаларынан басталған, әріптің арғы тегі арамейден, араб әрпі де арамейден. Финикия жазуынан грек әріптері туындаған, Византия жазуына грек жазуы тірек болған, ғұн мен көне түркі жазуында байланыс бар болған» (27.03.1981).

Сөз жоқ, осы бір аталған ой ұшқындарынан замана зиялыларының ұлттық тарихқа, төлтума мәдениетке, тұлғатануға, елдік мұратқа, қоғамға көзқарасын толық тануға болады.

Университет жұмысын жоспарлау, оқу жылының бағдарламасын шығару, дәріс өткізу, мерзімді баспасөзде хабарлап отыру – еңбекті ғылыми ұйымдастыру мәдениетін меңгерген академик Р.Бердібайдың дағды-машығы. «Мен үшін әр сабағым орден. 500 сабағым – 500 орден. Мақсатымыз мүлгіп жатқан ойды ояту, қазақтың өз мұрасын өзіне қайтару... Қызығым да, рахатым да, қасіретім де – қазақтың тарихы,

байтақ мұрасы. Қазақ үшін істеген әрекеттердің бәрі қуаныш» – деуші еді түрік бірлігінің жалынды жаршысы, «мұраттастар мәслихатын» көксеуші, «мағыналар қазынасын» діттеуші Р.Бердібай.

Халық университеті – ХХ ғасырдың 2-ші жартысындағы қазақтың ғылыми ойлау әлеуетінің жарқын көрсеткіші болып қала бермек.

Серік НЕГИМОВ,

филология ғылымдарының докторы, профессор